

ETHNOGRAPHY AND CULTURAL HISTORY OF THE QAZAQ
ҚАЗАҚ ЭТНОГРАФИЯСЫ ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТ ТАРИХЫ
ЭТНОГРАФИЯ И ИСТОРИЯ КУЛЬТУРЫ КАЗАХОВ

UDC/ЭОЖ/УДК 811.512.1
СICSTI/FTAMP/МРПТИ 16.21.31

DOI: <https://doi.org/10.69567/3007-0236.2025.3.339.362>

The Structure and Historical Development of the Old Turkic Bitig-Script

Napil Bazylkhan

Senior expert, Turkic Academy, Astana, Qazaqstan.

E-mail: napilbaz@gmail.com

<https://orcid.org/0000-0001-7231-1201>

Keywords: Old Turkic bitig-script; the origin of Turkish bitig; phono-morphemic alphabet; Ethnolinguistic and ethnosymbolic foundations

Тірек сөздер: Көне түрік бітік жазуы; түрік бітігінің жасалуы; фоно-морфемдік алфавит; этнолингвистикалық және этносимволикалық негіздер

Ключевые слова: древнетюркская письменность битиг; происхождение и создания тюркского битига; фонеморфемный алфавит; этнолингвистические и этносемантические основы

In the language of the Old Turkic bitig-script, the chains of root morphemes VC-, CV, CVC-, CVCC- and suffix morphemes are given by shortening them in the form of phono-morphemic abbreviations Vc, Cv, CvC, CvCC (additional morphemes in the form +vC, +CV, +CvC). Therefore, root or word suffixes are marked only as bare (C) consonant sound (stamp-letter). In fact, this legitimacy means a phono-morphemic structure determined by both phoneme and morpheme. Therefore, we know it as the alphabet for both recognition, recording and writing compactness for reading and speaking. The basis of our research is Turkish bitig script as a linguistic writing system – phono-morphemic alphabet. Turkish bitig script – is a compact control of which of the activities of the phonetic, phonological and morphemic chains of the Old Turkic language. The Turkish bitig script marked the entire level of the Turkish language as a whole and determined the exact level of sounds, phonological, morphemic, lexical, syntactical of the language. During the heyday of the Turkic Empire in the middle of the 7th century, a script called Turk Bitig was created on the Khagan Horde territory of the Khaganate along the Orkhon River.

For citation: Bazylkhan Napil. 2025. The Structure and Historical Development of the Old Turkic Bitig-Script. *Qazaq Historical Review*, vol. 3, no. 3, 339–362 (in Qazaq). DOI: <https://doi.org/10.69567/3007-0236.2025.3.339.362>

Көне түрік бітіктің құрылымы және жасалу тарихы

Нәпіл Базылхан

аға сарапшы, Түркі академиясы, Астана, Қазақстан

Көне түрік бітік жазуында түбір морфемалардың VC-, CV-, CVC-, CVCC- тәрізді тізбектері мен жалғау морфемалары фоно-морфемдік қысқарту арқылы Vc, Cv, CvC, CvCC (қосымша морфемалар +vC, +CV, +CvC түрінде) болып белгіленеді. Осыған байланысты түбір немесе сөздің жалғаулары тек жалаң дауыссыз дыбыс арқылы (таңба-әріп ретінде) таңбаланады. Бұл жүйе фонеморфемдік құрылымды – яғни, әрі фонемаға, әрі морфемаға негізделген заңдылықты білдіреді. Сондықтан бұл жазу – оқу мен сөйлеуге арналған тану, тіркеу және ықшам жазу алфавиті ретінде қызмет етеді. Зерттеуіміздің негізі – түрік бітік жазуын тілдік жазу жүйесі, яғни фоно-морфемдік алфавит ретінде қарастырамыз. Түрік бітік жазуы көне түрік тілінің фонетикалық, фонологиялық және морфемдік тізбектерін ықшамдап таңбалауға арналды. Бұл жазу түрік тілінің барлық деңгейлерін – дыбыстық, фонологиялық, морфемалық, лексикалық және синтаксистік құрылымын толық қамтып, дәл белгілеген айрықша жазу.

Сілтеме жасау үшін: Базылхан Н. Көне түрік бітіктің құрылымы және жасалу тарихы. *Qazaq Historical Review*. 2025. Т. 3. № 3. С. 339–362. DOI: <https://doi.org/10.69567/3007-0236.2025.3.339.362>

Структура и история создания древнетюркской письменности битиг

Напил Базылхан

Старший эксперт, Тюркская академия, Астана Казахстан

В древнетюркской письменности *битиг* цепочки корневых морфем типа VC-, CV-, CVC-, CVCC-, а также аффиксальные морфемы обозначаются в виде фонеморфемных сокращений: Vc, Cv, Cvc, CvCC (аффиксальные морфемы – в виде +vC, +CV, +CvC). В результате этого корни и аффиксы слов обозначаются только оглушёнными согласными звуками (в виде букв-тамга). Такая система отражает фонеморфемную структуру, основанную одновременно на фонемах и морфемах. Следовательно, данная письменность функционирует как алфавит, обеспечивающий распознавание, фиксацию и компактную запись, пригодную как для чтения, так и для устной речи. Основу данного исследования составляет тюркская письменность *битиг* как лингвистическая письменная система – фонеморфемный алфавит. Письменность *битиг* представляет собой компактную систему фиксации фонетическими, фонологическими и морфемными процессами древнетюркского языка. Она охватывает все уровни языка – фонологический, морфемный, лексический и синтаксический, точно отражая структурную целостность тюркского языка. В середине VII века в период расцвета Тюркской империи на каганской ордынской территории каганата вдоль реки Орхон была создана письменность – *тюрк битиг*.

Для цитирования: Базылхан Н. Структура и история создания древнетюркской письменности битиг. *Qazaq Historical Review*, 2025. Т. 3. № 3. С. 339–362 (на каз. яз.). DOI: <https://doi.org/10.69567/3007-0236.2025.3.339.362>

Көне түріктердің жазуы туралы тарихи жазба деректер

Қытай әулеттік жылнамаларында мынадай мәлімет береді: «Олардың (түріктердің) жазуы «хулардың» жазуына ұқсайды» [Еженханұлы, Ошан 2006: 124]. Мұнда нақты көрсетілетін жайт – түріктер соғдылардың жазуына ұқсас жазу қолданғаны туралы хабарлама. Демек, түріктерде жазу болғаны туралы алғашқы мәлімет Қытайдың «Чжоу-шу» деп аталатын, Солтүстік Чжоу мемлекетінің (557–581) тарихын баяндайтын кітабында (636 жылы хатталған) кездеседі.

Көне түріктердің жазулы бітіктастары туралы археологиялық деректер

Қытай және Византия деректеріне қарағанда анағұрлым нақты әрі дәлелді мәліметтер археологиялық табылымдар бар.

Ескі соғды және брахми жазулы археологиялық деректер. Түрік қағандығы 571–582 жылдары билік құрған Татбар қаған («Бугат») бітіктасы мәтіндері ескі соғды және брахми жазуымен көне моңғол тілінде жазылған. Кейін, 587–599 жылдары билік құрған Нири қаған билік кезеңіне қатысты «Хүйс Толгой-I, II» бітіктастары да көне брахми жазуымен байырғы моңғол тілінде жазылған ескерткіш анықталған.

Көне түрік бітік жазулы археологиялық деректер. Түрік қағандығы дәуіріне қатысты хронологиялық тұрғыдан ең көне жазба ескерткіш ретінде 682–693 жылдары билік құрған Құтлық Елтеріс қағанға қатысты көне түрік бітік, соғды және қытай жазулы мәтіндері бар бітіктас табылған. Және де «Чойр» бәдіз-тасмүсіндегі (шамамен 690–693) көне түрік бітік жазулы мәтінді атауға болады. Соңғы кездердегі зерттеулерге сүйене отырып, көне түрік бітік жазуы шамамен 690 жылдары толық қолданыста болған деп айтуға әбден болады. Басқаша айтқанда, көне түрік бітік жазуы VII ғасыр бойында тұрақты түрде пайдаланылғандығын археологиялық жаңа табылымдар растайды. Бұлар көне түрік бітік жазуына негізделген түрік жазба тілі – Түрік империясының мемлекеттік деңгейінде кемелденгенін, әбден қалыптасқан әдеби тіл ретінде кеңінен таралғандығын, көптеген түрік тайпалары бұл жазуды кең көлемде емін-еркін қолданғандығын дәлелдейді.

Көне түрік жазба тілінің құрылымы

Көне түрік жазба тілі («das Alttürkische», Wilhelm Radloff анықтамасы) түбірлер (негіздер) + қосымшалар мен шылаулардан құралған жалғамалы тіл. Бұл тіл Алтай төркіндес тілдер

тобына жатады және моңғол, манжұ-тұңғыс тілдерімен тарихи байланыстары бар. Оларда фонетикалық және морфологиялық тұрғыдан көптеген лингвистикалық ұқсастықтары байқалады.

Көне түрік жазба тілінің фонологиялық құрылымы. Фонетикалық тұрғыдан алғанда, жуан және жіңішке дауыстылардың үндестігі заңдылығы бар:

Жуан дауыстылар: *a, ĩ, o, u*

Жіңішке дауыстылар: *e, i, ö, ü*

Дауыссыздар мыналар: *q-k, ʁ-g, p-b, t-d, s, š, č, y, j, l, m, n, ŋ, ŋ, r, z* (мысалы: *aq-ek, aʁ-eg, ap-ep, ab-eb, at-et, ad-ed, as-es, aš-eš, ač-eč, ay-eu, al-el, im-im, an-en, iŋ-iŋ, ar-er, az-ez*).

Көне түрік жазба тілінің кейбір фонетикалық ерекшеліктері. Көне түрік тілінде созылыңқы дауыстылар болмаған. Ерін үндестігі заңы толығымен сақталған: *bodun>бодун* (адамдар, халық, ел жұрт), *törü>төрү* (*төре билік, заң ереже*), *börü > бөрү* (бөрі, қасқыр). Сөз басында келесі дыбыстық сәйкестіктер байқалады: «*y*» > «*j*» (*yol >jol, жол*), «*b*» > «*m*» (*ben > men, мен*), «*d*» > «*y*» немесе «*z*» (*adirił- > ayirił- > айырыл-*). Бұл заңдылықтар сөз ортасы мен соңында да кездеседі.

Көне түрік жазба тілінің морфологиялық құрылымы. Сөз құрамына қарай: *V-, VC-, CV, CVC-, CVCV-, CVCVC-* (мұндағы *C – дауыссыз, V – дауысты*) тәрізді түбір және қосымша морфемалар қолданылады. Мысалы: *baš+liŋ+ïy jükün+tür+müs* – «бастылыны жүгіндірген екен», *diz+lig+ig söküř+müs* – «тізеліктіні шөктірденген екен». Көне түрік жазба тіліндегі сөздердің лексикалық барлық қоры қазіргі түрік тілдері мен диалектілерінде ортақ болып сақталынды, ал кейбір тұрақты тіркестер әртүрлі деңгейде жергілікті аумақтарда кездеседі.

Көне түрік бітік жазудың шығу тегі және түрік таңбалары

Көне түрік бітік жазудың шығу тегі туралы бұған дейін айтылған пікірлердің, ғылыми жорамалдардың және теориялардың басым бөлігі үстірт және жеткіліксіз болған деп білеміз, сондықтан, біз ол тұжырымдарға арнайы тоқталмаймыз [Caferođlu 1984: 117–130; Ercilasun 2004: 168–169].

Біз тек қана, көне түрік бітік жазудың бастауында түрік таңбалары тұрғанын негізге ала отырып, осы мәселеге қатысты негізгі көзқарастарды қысқаша түрде баяндауды жөн көрдік.

Түрік таңбалардан пайда болған деген пікірлер. Николай Аристов бұл мәселе жөнінде былай деген:

...Орхон жазбаларындағы түрік алфавитін салыстыра қарастырғанда, әріптердің көпшілігі қазіргі қырғыз-қазақ тайпаларында әлі де қолданылып жүрген таңбаларға ұқсайтынына еш күмән қалдырмайды. Тіпті В.В. Радлов пайдаланған Күлтегін ескерткішіндегі таңба нұсқаларымен ғана шектелсек те, түрік-орхон алфавитінің таңбаларының 38 таңбасының 29-ы қазіргі кездегі рулардың таңбаларымен сәйкес келеді немесе оларға өте ұқсас екенін көреміз. Кейбір жағдайларда бұл таңбалар сол таңбалардың әртүрлі нұсқалары деп қарастыруға болады. Қалған 9 таңбаның өзі де таңба формаларынан туындауы мүмкін, алайда қазіргі кезде белгілі түрік немесе жалпы алғанда, орал-алтай халықтарының таңбалары арасында олардың нақты үлгілері әзірше кездеспей тұр... [Аристов 1894: 418–419].

Николай Маллицкий «Орхон жазуымен түрік таңбаларының байланысы» атты мақаласында (1-сур.) Аристовтың пікірлерін қолдай отырып, көне түрік жазуындағы әріптер мен қазіргі түрік көшпелі тайпаларының таңбалары арасындағы ұқсастықтарды салыстырмалы түрде талдаған болатын [Маллицкий 1897: 47].

Дмитрий Соколов «Башқұрт таңбалары туралы» атты еңбегінде (2-сур.) мынадай пікір айтады:

...Көне түріктер айқын ажыратылатын алфавитпен жазу қолданған және сонымен бірге оларда отбасылық (рулық) таңбалар болғанын ескерсек, онда бұл алфавиттің пайда болуы бірнеше негізгі таңбаларға негізделіп, тіпті бір ғана таңба арқылы жаңа таңбаларды құра алғанын байқаймыз... Мен башқұрттардан байқағанымдай, олардың таңба нұсқаларының едәуір алуан түрлілігі бар және олар қажетті таңба санын жақсы белгілі әдістер арқылы жасай алған... [Соколов 1904: 84–85].

Иван Савенков (3-сур.) көне түрік бітік жазуының пайда болуын көне түріктердің діни жоралғыларына қатысты бейнелер мен рәміздік белгілер негізінде қалыптасты деген пікір айтады [Савенков 1910: таб. XIII–XIV].

Евгений Поливанов «Орхон алфавитінің қалыптасуындағы идеографиялық мотив» атты мақаласында мынадай тұжырым жасайды: ↓оq > оқ, : Day > ай, ↓D уaq > жай, садақ, ʃʃ тау > тау – бұл белгілер түгелдей түрік қоғамы ортасында пайда болған және олардың арамей, соғд немесе пехлеви жазуларының ықпалында болмағанын атап көрсетеді.

Бұл алфавит түрік халықтары тарапынан, түрік тілдерінің біріне қызмет ету мақсатында жасалған. Мұнда әріптердің этимологиясымен қатар, алфавиттің сингармонизм принципі де айқындаушы рөл атқарады [Поливанов 1925: 179–180].

Бувы орхонского алфавита.	Түрікшіл тамға.	Названия племен, или родов, которым принадлежат тамги.
№ 1 (а) 		Киргизская, рода Джаншас (Малой орды).
Ауысп. форма 		Тоже.
№ 2 (ы, і) 		Киргизская, роды Керанч и Телу (Малой орды).
№ 3 (о, у) 		Киргизская, рода Алачнь (Малой орды).
№ 6 (к передъ и послѣ ш) 	т. е. 	Киргизская, рода Ошакты (Большой орды), и татарская. 1) Тархатма 2) Кагтам, рода Шешнылы (Большой орды).
№ 11 (г) 	1)  2) 	Киргизская, рода Увакь (Средней орды), в Кырмыл, сына Юлдуз-хана. (Рашид-Эдд, I, 27.
№ 15 (х) 		1) Татарская; 2) тамга Имура, с. Татъ-хана (см. Рашид-Эдд, I, 28).
№ 18 (б) 	1)  2) 	
Другая форма 		Татарская.
№ 19 (нг) 		Киргизская, рода Телу (Малой орды).
№ 20 (н) 		Киргизская, род. Сарыжумартъ (Средней орды).
№ 23 (р) 	1)  2) 	1) Татарская, 2) тамга Багдлы, Рашид-Эдд. I, 27.
№ 24 (р) 	1)  2) 	1) рода Каратирей, поколений Найман (Большой орды) 2) Кара-киргизская, родомъ Серенель (Чересь), Несетемарь, Исиль (Средней орды).
№ 26 (х) 		
№ 29 (к, ай) 	т. е. 	Кара-киргизская (Айтма).
№ 30 (о) 		Киргизская, рода Чимыр (Большой орды).
№ 31 (с, ш) 		Киргизская, рода Кагтам (Большой орды).
№ 33 (ш) 		Тамга Ярза, сына Ай-хана, (см. Рашид-Эддип, I, 22.)
№ 37 (ш) 	т. е. 	Татарская.
№ 38 (аг, а) 	т. е. 	Киргизская, рода Алачнь (Малой орды).



Fig. 1. Table of letters and Turkic signs of the Orkhon alphabet by Nikolai Malitsky. 1897

1-сур. Николай Маллицкийдің Орхон алфавиті әріптері мен түрік таңбалары кестесі. 1897 жыл

Рис. 1. Таблица букв и тюркских знаков Орхонского алфавита Николая Маллицкого. 1897 год




Fig. 2. Comparative table of Orkhon, Yeniseian signs and Bashkir tamgas by Dmitry Sokolov. 1904

2-сур. Дмитрий Соколовтың Орхон, Енисей белгілері мен Башқұрт таңбаларының салыстырмалы кестесі. 1904 жыл

Рис. 2. Сравнительная таблица Орхонских, Енисейских знаков и башкирских тамг Дмитрия Соколова. 1904 год



Сходныя начертанія Енисейскаго и Мало-Азійскихъ алфавитовъ.

	Енисей и Орхонъ				Ионія			Фригія			Лидія			Карія		Кипръ.		
	1	2	3	4	1	2	3	1	2	3	1	2	3	1	2	1	2	3
1	В	<			В			В	В	В								
2	>				>			>	<	<								
3	^				^			^	^	^								
4	ε	ε	ε	ε	ε	ε		ε	ε	ε				ε				ε
5	φ	φ	φ	φ	φ	φ		φ	φ	φ				φ				φ
6	Н	Ч	Н		Н			Н	Н	Н				Н				Н
7	+				+			+	+	+				+				+
8	х				х			х	х	х				х				х
9	і				і			і	і	і				і				і
10	і	і	і	і	і	і		і	і	і				і				і
11	М				М			М	М	М				М				М
12	М	М	М	М	М	М		М	М	М				М				М
13	О	О	О	О	О	О		О	О	О				О				О
14	О	О	О	О	О	О		О	О	О				О				О
15	П	П	П	П	П	П		П	П	П				П				П
16	Р	Р	Р	Р	Р	Р		Р	Р	Р				Р				Р
17	Р	Р	Р	Р	Р	Р		Р	Р	Р				Р				Р
18)))))))
19	z	z	z	z	z	z		z	z	z				z				z
20	z	z	z	z	z	z		z	z	z				z				z
21	Y	Y	Y	Y	Y	Y		Y	Y	Y				Y				Y
22	Y	Y	Y	Y	Y	Y		Y	Y	Y				Y				Y
23	Y	Y	Y	Y	Y	Y		Y	Y	Y				Y				Y
24	Y	Y	Y	Y	Y	Y		Y	Y	Y				Y				Y
25	Y	Y	Y	Y	Y	Y		Y	Y	Y				Y				Y
26	Y	Y	Y	Y	Y	Y		Y	Y	Y				Y				Y
27	Y	Y	Y	Y	Y	Y		Y	Y	Y				Y				Y
28	Y	Y	Y	Y	Y	Y		Y	Y	Y				Y				Y
29	Y	Y	Y	Y	Y	Y		Y	Y	Y				Y				Y
30	Y	Y	Y	Y	Y	Y		Y	Y	Y				Y				Y
31	Y	Y	Y	Y	Y	Y		Y	Y	Y				Y				Y
32	Y	Y	Y	Y	Y	Y		Y	Y	Y				Y				Y

Начертанія Енисейскаго и Тувинскаго алфавитовъ.
(Вторая группировка буквъ).

1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15	16	17	18	19	20	21	22
1	А	В	С	Д	Е	Ж	З	И	Й	К	Л	М	Н	О	П	Р	С	Т	У	Ф	Х
2	Д	Ж	С	О	В	И	У	Ф	Х	К	Л	М	Н	О	П	Р	С	Т	У	Ф	Х
3	В	Ж	С	О	В	И	У	Ф	Х	К	Л	М	Н	О	П	Р	С	Т	У	Ф	Х
4	Х	Ч	Т	Р	А	Д	Л	Ж	С	О	В	И	У	Ф	Х	К	Л	М	Н	О	П
5	і	і	і	і	і	і	і	і	і	і	і	і	і	і	і	і	і	і	і	і	і
6	О	О	О	О	О	О	О	О	О	О	О	О	О	О	О	О	О	О	О	О	О
7	Х	Х	Х	Х	Х	Х	Х	Х	Х	Х	Х	Х	Х	Х	Х	Х	Х	Х	Х	Х	Х
8	З	З	З	З	З	З	З	З	З	З	З	З	З	З	З	З	З	З	З	З	З
9	Т	Т	Т	Т	Т	Т	Т	Т	Т	Т	Т	Т	Т	Т	Т	Т	Т	Т	Т	Т	Т
10	Т	Т	Т	Т	Т	Т	Т	Т	Т	Т	Т	Т	Т	Т	Т	Т	Т	Т	Т	Т	Т

Къ стать И. Т. Савенкова „О древнихъ памятникахъ изобразительнаго искусства на Енисей“.



Fig. 3. Comparative table of similar scripts of the Yeniseian, Orkhon, and Anatolian (Asia Minor) alphabets. Comparative table of the Yeniseian and Turkic alphabets. Comparative study by Ivan Savenkov. 1910

3-сур. Енисей, Орхон және Анатолы (Кіші Азия) алфавиттерінің ұқсас сызықтары салыстырмалы кестесі. Енисей және Түрік алфавиттерінің салыстырмалы кестесі. Иван Савенковтың салыстырмалы зерттеуі. 1910 жыл














Рис. 3. Сравнительная таблица сходных начертаний Енисейского, Орхонского и Анатолийского (Малоазийского) алфавитов. Сравнительная таблица Енисейского и Тюркского алфавитов. Сравнительное исследование Ивана Савенкова. 1910 год

Ахмет Емре «Түрік жазуының шығу тегі» атты еңбегінде (4-сур.) былай деп жазды:

...Көне түрік әріптерінің 30 графикалық формасының ішінен шумерлік сызықтық жазбалардан шамамен 24–25-імен ұқсастық орнатуға болады. Екі жүйенің белгілерінде байқалатын идеографиялық сәйкестіктер олардың бірдей пиктографиялық негізден таралғанын айғақтайды... [Emre 1938: 48–49].

Бұл көзқарастарды және көне түрік бітік жазуының түріктердің өздері тарапынан жасалғанын қолдайтын зерттеушілердің қатарында Хүсейін Намык Оркун [Orkun 1986: 16], Ахмет Жафероғлы және басқа да бірқатар зерттеушілер бар.

Айдарбек Махмұтов былай деп жазады:

...Бұл жазу дыбыстық алфавитке көшуден бұрынғы пиктографиялық кезеңді басынан өткерді... Көне түрік алфавитінің жасаушылары негізінен түріктердің өздері болған. Мысалы, көне түркі тіліндегі «айырық жол, тармақ» деген аша-/ауі- сөздерінің бастапқы дыбысы «А» әрпі  суретінен туындаған eb сөзінен «X» әрпі пайда болған : таңбалары Ай сөзі –  таңбасылмек ұғымынан – , , : таңбаларыиң үңгір мағынасынан – , ант, серт (уәде) – , иілу, бүгілу – , домалақ, дөңгелек – , ысқырық шығаратын жылан басы – , сүңгі, найза бейнесі – , тау жотасы –  таңбалары туындаған... [Махмұтов 1969: 141–147].

Зерттеушілер тарапынан таңбалар мен белгілердің семантикалық мәніне қатысты келтірілген мысалдар мен көзқарастар жиынтығы негізінен мынадай сипатқа ие (1-кесте):

Table 1. Examples of the semantic meaning of tamgas and signs
1-кесте. Таңбалар мен белгілердің семантикалық мәніне қатысты мысалдар
Таб. 1. Примеры семантического значения тамг и знаков

	Көне түрік тілінде	Қазіргі түрік тілінде	Қазақ тілінде
s	süngü	mızrak	сүңгі
Y	aç/aş	aç-, kapı	аш, «есік»
S	saç	saç	шаш
T	at	at, dağ	ат, «тау»
J	ay	ay	ай
jNJ	yay-	yay	жай, садақ
G	ağ	ağ	ағ-, ау-
B	ab	av	ау, аң
b	eb	eb	үй
r	er	erkek	ер, еркек
l	El	devlet, il, elayet	Ел, мемлекет
L	al	almak	ал
n	en	nişan	ен, нышан
X,q	ek	ekmek	ек-, егу-
k x	oq	ok	оқ
O	ant	yemin	ант
GT	tay	dağ	тау
i	im	ağaç	ым, «ағаш»
c	art	arka	арты
C	iç	iç	іш
S	as	yemek	асау-, жеу-
w	alt	alt	алды
W	anç	Avcı, kısım	анч, -енші

Көне түрік бітік жазуының буындық жүйесі туралы көзқарастар. Вильгельм Томсен (5-сур.) алғаш рет көне түрік бітік жазуының буындық таңбалардан тұруы мүмкін деген жорамалын былайша сипаттаған еді:

Жаңа Ескі Түркі идеограм ы:harfleri i:leri	ideogram isin-:Sumer line- erleri	Бәкә идеограммалар	Жаңа Ескі Түркі идеограм ы:harfleri i:leri	ideogram isin-:Sumer line- erleri	Бәкә идеограммалар
1	𐰇 𐰆	bi: baq	𐰇 𐰆	"bāq"	𐰇 𐰆 𐰇 𐰆 𐰇 𐰆 𐰇 𐰆 𐰇 𐰆 "Çin,"gocuk" 𐰇 𐰆 "baqar mak,baqa çkarak"
2	𐰇 𐰆	eb "ev"	𐰇 𐰆	"ev"	𐰇 𐰆 𐰇 𐰆 𐰇 𐰆 𐰇 𐰆 "Girit,"baq(profiliden). "Mısır,"ev,bina kögesi"
3	𐰇 𐰆	em "ev"	" "	" "	𐰇 𐰆 𐰇 𐰆 𐰇 𐰆 𐰇 𐰆 Proto-hint,"bina kögesi"
4	𐰇 𐰆	sopa, cop	𐰇 𐰆	"göban sopası"	𐰇 𐰆 𐰇 𐰆 𐰇 𐰆 𐰇 𐰆 "Mısır,"köylü sopası"
5	𐰇 𐰆	tag "dağ"	𐰇 𐰆	"dağ, dağlık kir"	𐰇 𐰆 𐰇 𐰆 𐰇 𐰆 𐰇 𐰆 "Çin,"dağ" "Mısır,"dağlık kir" Proto-Hint "Girit,"dağ"
6	𐰇 𐰆	it "köpek"	𐰇 𐰆	"köpek"	𐰇 𐰆 𐰇 𐰆 𐰇 𐰆 𐰇 𐰆 "Çin,"Mısır "köpek"
7	𐰇 𐰆	adak "ayak"	𐰇 𐰆	"ayak"	𐰇 𐰆 𐰇 𐰆 𐰇 𐰆 𐰇 𐰆 "Mısır" Girit "ayak/bacak,"
8	𐰇 𐰆	edis"yüksek"	𐰇 𐰆	"dağ, varyantı"	𐰇 𐰆 𐰇 𐰆 𐰇 𐰆 𐰇 𐰆 "Mısır" "ok"
9	𐰇 𐰆	kap2 "kapı"	𐰇 𐰆	"kapı"	𐰇 𐰆 𐰇 𐰆 𐰇 𐰆 𐰇 𐰆 "Girit" "ok" "Mısır" "ok"
10	𐰇 𐰆	ok	𐰇 𐰆	"ok"	𐰇 𐰆 𐰇 𐰆 𐰇 𐰆 𐰇 𐰆 "Girit" "ok"
11	𐰇 𐰆	kız "vulva ile sembolleş."	𐰇 𐰆	"vulva, kadın/kızın ile sembolleşme"	𐰇 𐰆 𐰇 𐰆 𐰇 𐰆 𐰇 𐰆 {Çin yazısında aynı obje- semboldür."}
12	𐰇 𐰆	iki "dal,çatal ile sembolleş."	𐰇 𐰆	"kamı, dalı"	𐰇 𐰆 𐰇 𐰆 𐰇 𐰆 𐰇 𐰆 "kamı" "dalı"
13	𐰇 𐰆	igi "iki" id.	𐰇 𐰆	"iki"	𐰇 𐰆 𐰇 𐰆 𐰇 𐰆 𐰇 𐰆 "iki"
14	𐰇 𐰆	köz "göz"	𐰇 𐰆	"göz"	𐰇 𐰆 𐰇 𐰆 𐰇 𐰆 𐰇 𐰆 "Girit,"iki göz"
15	𐰇 𐰆	ırgac,arğac "olta,kanca"	𐰇 𐰆	"tuzak"	𐰇 𐰆 𐰇 𐰆 𐰇 𐰆 𐰇 𐰆 "Girit,"ağaçlar"



Жаңа Ескі Түркі ы:harfleri i:leri	ideogram isin-:Sumer line- erleri	Бәкә идеограммалар	
27	𐰇 𐰆	kuq "ayakla karq"	𐰇 𐰆 𐰇 𐰆 "Ayak, bacak lineerleri"
28	𐰇 𐰆	lt, ld "insanın alt kısmı: her seyin altı"	𐰇 𐰆 𐰇 𐰆 "insanın alt kısmı"
29	𐰇 𐰆	nt nd pent (?) "düğme"	𐰇 𐰆 𐰇 𐰆 "insanın alt kısmı"
30	𐰇 𐰆	ik, ig, ig e,al (konvansiyonel)	𐰇 𐰆 𐰇 𐰆 "insanın alt kısmı"
31	𐰇 𐰆	uc	𐰇 𐰆 𐰇 𐰆 "spitzee uc"



Fig. 4. A comparative analysis of the ancient Turkic alphabet and the signs of Sumerian cuneiform by Akhmet Emre. 1938

4-сур. Ахмет Емренің көне Түркі әріптері мен Шумер сызық жазуының екі жүйесіне тән таңбалар қатарын салыстырмалы түрде талдауы. 1938 жыл

Рис. 4. Сравнительный анализ древнетюркского алфавита и знаков Шумерской клинописи Ахмета Емре. 1938 год

...Жеке таңбалардың көптігі бұл құпия жазудың әрбір дыбысқа арналған арнайы таңбасы бар қадімгі алфавит емес екенін, керісінше, буындық сипаттағы жазу немесе, ең кемі, бір дыбыс үшін бірнеше таңба қолданылған жазу болуы мүмкін екенін бірден болжауға мүмкіндік береді. Бұл таңбалардың әртүрлілігі белгілі бір шектерде ғана байқалады және ол сол дыбыстың түрлі фонетикалық жағдайлардағы қолданылуына байланысты өзгеріп отырады... [Thomsen 1894: 293].

1	2	3	4	5	6	7	8	9	10		
𐰇	𐰆	𐰇	𐰆	𐰇	𐰆	𐰇	𐰆	𐰇	𐰆		
α, d̄	y, i	o, u	ō, ū	q (k ¹)	q̄ (a)	q̄ (p ¹)	z (g ¹)	k (k ²)	k̄ (p ²)		
					vant y (devant) o, u						
					(devant) ū, ū						
11	12	13	14	15	16	17	18	19	20	21	
𐰇	𐰆	𐰇	𐰆	𐰇	𐰆	𐰇	𐰆	𐰇	𐰆	𐰇	
g (g ²)	l	l̄ (konvansiyonel)	d ¹	d ²	p (-p)	b ¹ (p ¹ ?)	b ² (p ² ?)	ŋ (ng)	n ¹	n ²	
22	23	24	25	26	27	28	29	30	31	32	33
𐰇	𐰆	𐰇	𐰆	𐰇	𐰆	𐰇	𐰆	𐰇	𐰆	𐰇	𐰆
r ¹	r ²	l̄ ¹	l̄ ²	j ¹	j ²	ç (-ç)	ç ¹	ç ² (ç?)	z (-z)	z̄	
24	25	26	27	28							
𐰇	𐰆	𐰇	𐰆	𐰇							
ā	ȳ	u	z	m							
ā	(i)ē	nd (nt)	nō	lā (lā)							



Fig. 5. Table of letters of the ancient Turkic script by Vilhelm Thomsen. 1893

5-сур. Вильгельм Томсеннің көне түркі жазуының әріптер кестесі. 1893 жыл

Рис. 5. Таблица букв древнетюркского письма Вильгельма Томсена. 1893 год

Ахмет Жафероглу (6-сур.) да, көне түрік бітік жазуындағы буындық таңбаларға қатысты өз көзқарастарын білдірген зерттеушілердің бірі. Ол былай деп жазады:

Мемлекеттік құрылымы барлық жағынан жетілген Көктүрік мемлекетінің жазу жүйесінде де дәл сондай тәртіп пен жетілгендік болуы тиіс деп қарастыру қажет. Шынында да, бастапқыда қарапайым түрде қолданылған Орхон әріптері қысқа мерзім ішінде сол дәуірдің түрік тіл мамандары тарапынан белгілі бір жүйеге келтіріліп, түрік тілінің ерекшеліктері өте дәл фонетикалық мағынамен жазбаша түрде жеткізуге бейімделген. Бұл жүйелеу мен жетілдіру барысында ең басты назар аударылған мәселе – дыбыстық жағынан бай болмаса да, дауысты белгілердің жетіспеушілігін дауыссыз дыбыстардың таңбалық молшылығы арқылы өтеу болған. Бұл мақсатта алғашқы қадам – белгілі бір дауыссыз дыбыс үшін қолданылатын қосарлы таңбаларға арнайы мән беріп, сол мағына арқылы жаңа дыбыстық мән қалыптастыру еді. Осы мақсатта бар дуплет (қос) таңбаларға буындық айтылым мәні беріліп, жаңа он жұп буындық құрылым жасалды. Олардың ішіндегі жуан айтылатын буындар, шын мәнінде, Орхон әріптерінің құрамында бұрыннан бар болатын. Негізгі жасалуы тиіс болғандары – жіңішке буындар еді, олар е дауыстысы арқылы қамтамасыз етілді. Ал жуан буындар а дауыстысы арқылы жасалды. Буын жасау жолымен жеткен бұл жетістік сырттай қарағанда қарапайым көрінгенімен, шын мәнінде өте күрделі процесс еді. Бұл іске кімдер қатысқаны қазіргі таңда нақты белгісіз. Түрік тіліне тән нақты заңдылықтар негізінде жасалған бұл әліпби жүйесі – сөзсіз, өз заманының озық ойлы оқымыстылары мен тілші ғалымдарының зерек ақыл-ойының жемісі болды. Тіпті Елтеріс қаған тұсында бұл жазу жүйесі кемеліне келген еді, және оны сол қағанның атақты кеңесшілерінің бірі Тонйукук тікелей қолданып, тасқа қашап түсіріп кеткен. Ал Күлтегін мен Білге қаған жазбаларын жазған Йоллығ тегін бұл салада бұдан да маңызды рөл атқарып, бұл әліпбиді бізге өлмес мұра ретінде жеткізген болатын. Дауысты дыбыстардың болмауын өтеу үшін жасалған буындар мынадай жүйеде құрылды... [Caferoğlu 1984: 132–133].

Игорь Қызласов (7-сур.) көне түрік бітік жазуының буындық дыбыстарының жаңғыртпасын да жасады, ол былай деп жазды:

...Бәрінен бұрын таңбалар ашық және жабық буын түрлерін де көрсете бастайды. Бұған руникалық жазбалардағы (u)oq және qo(u), (ı)đk және kđ(ı), iğ және qı, ič және či, ti және it, de және ed дыбыстық мазмұнының табиғи параллелизмі куә... Орхонға дейінгі кезеңде тұйық буынды білдіретін белгілердің жазылуы (ал ашық буынның мағынасы тек ti және ti сияқты жеке белгілер арқылы сақталады) екі жағдаймен дәлелденеді... Жазудағы таңбалар санының одан әрі азаюы, оның кейбір реңктері байқалды ta-te-ti типті, дәлірек айтсақ, t1-t2 түріндегі гетерогенді жұптарға айналдырылады. Бұл жүйе дыбыстық мағынаны, буынды дыбыстарға бөлу нәтижесінде пайда болды.... Жоғарыда

Kalm heceler :

𐰀	— қа, ақ
𐰁	— га, ағ
𐰂	— та, ат
𐰃	— да, ад
𐰄	— ба, аб
𐰅	— са, ас
𐰆	— на, ан
𐰇	— ла, ал
𐰈	— ра, ар
𐰉	— ya, ay

Yumuşak heceler :

𐰊	— ke, ek
𐰋	— ge, eg
𐰌	— te, et
𐰍	— de, ed
𐰎	— be, eb
𐰏	— se, es
𐰐	— ne, en
𐰑	— le, el
𐰒	— re, er
𐰓	— ye, ey



Fig. 6. Table of hard and soft syllables by Ahmet Caferoğlu. 1984

6-сур. Ахмет Жафероглуның жуан және жіңішке буындар кестесі. 1984 жыл
Рис. 6. Таблица твердых и мягких слогов Ахмета Жафероглу. 1984 год

айтылғандарды ескере отырып, Орхон жазуы ескі жазудың ұзақ және ретті өзгерісінің нәтижесінде пайда болды. Сондықтан форма жағынан оны аралас типті әріп деп санауға болады: буындық принцип әліпбимен бірге белгілі бір дәрежеде сақталған. Орхонға дейінгі кезеңде бірқалыпты өткен буындық принциптің қалдықтары бар жүйеден тізбектелген әліпби сұлбасына көшу классикалық руникалық жазу жағдайында жалғасты... [Кызласов 1994: 111, 131, 136–137].

Көне түрік бітік жазуындағы буынды (силлабикалық) жүйеге қатысты соңғы зерттеулердің бірін Виктор Гузев жариялады:

...Көне түрік мәтіндерінде 18-ге жуық пиктограмма бар деп болжауға болады...

1. Көне түрік руникалық жазуының өткен алғашқы кезеңдерінің біріншісі – семасиографиялық, яғни жазу алдыңғы кезең.
2. Барлық өздері пайда болған жазу жүйелері сияқты «сөз жазу» (логографиялық) кезеңінен басталды.
3. Логографиялық белгілерді сөз ретінде қолдануда мыналарды ажырата білу керек:
 - а) ең қарабайыр бейнелі сөз жазу (логографиялық) және
 - б) фонографиялық сөз жазу арасында айырмашылық көрсетеді.
 Біріншісінен екіншісіне көшу кезінде дыбыстау болады... [Гузев 1994: 67–72].

Таблица XXXVII
Выявленные знаки проторунического слогового письма — предка орхонской и енисейской письменностей
(Примечания: * — облик знака мог быть более архаичным, ? — знак мог занимать в строке иное место)

Звук	i	ï	a	ä	o	ö	—
—	∩	∩	∩	∩	∩	∩	∩
k	∩	∩	∩	∩	∩	∩	∩
t	∩	∩	∩	∩	∩	∩	∩
š	∩	∩	∩	∩	∩	∩	∩
s	∩	∩	∩	∩	∩	∩	∩
d	∩	∩	∩	∩	∩	∩	∩
č	∩	∩	∩	∩	∩	∩	∩
m	∩	∩	∩	∩	∩	∩	∩
p	∩	∩	∩	∩	∩	∩	∩
b	∩	∩	∩	∩	∩	∩	∩
g	∩	∩	∩	∩	∩	∩	∩
j	∩	∩	∩	∩	∩	∩	∩
l	∩	∩	∩	∩	∩	∩	∩
n	∩	∩	∩	∩	∩	∩	∩
η	∩	∩	∩	∩	∩	∩	∩
r	∩	∩	∩	∩	∩	∩	∩
z	∩	∩	∩	∩	∩	∩	∩
nč	∩	∩	∩	∩	∩	∩	∩
nj	∩	∩	∩	∩	∩	∩	∩
nd	∩	∩	∩	∩	∩	∩	∩
ld	∩	∩	∩	∩	∩	∩	∩

Словоразделитель

Таблица XXVIII
Звуковой порядок орхонского алфавита

1	op/up	17	u/o
2	n ¹	18	s ²
3	ič	19	d ²
4	p	20	η
5	k	21	nj
6	t ²	22	z
7	ï/i	23	g
8	a/ä	24	nd/nt
9	j ²	25	ld/lt
10	ök/ük	26	š ¹
11	r ¹	27—37	••••
12	?	38	n ²
13	l ¹	39	l ²
14	oq/uq	40	ïq
15	nč	41	j ¹
16	s ¹	42	:

Fig. 7. The revealed signs of the Proto-Runic syllabic script – the ancestor of the Orkhon and Yeniseian scripts by Igor Kyzlasov. 1994

7-сур. Игорь Кызласовтың Орхон және Енисей алфавиттері алдыңғы кезеңдегі прото-руник буын жазуының анықталған белгілері. 1994 жыл

Рис. 7. Выявленные знаки проторунического слогового письма – предка орхонской и енисейской письменностей Игоря Кызласова. 1994 год



Бұдан кейін Виктор Гузев, Сергей Кляшторный (8-сур.) көне түрік бітік жазуы туралы бұрынғы ой-пікірлер мен оның шығу тегі туралы теорияларды талқылай келе, кез келген жазудың өзіне тән табиғатына назар аударып, оның өзіндік эволюциялық жолмен дамыған буынды силлабограмма, автохтондық жазу жүйесі екенін сипаттайды және де

...Көне түрік руникалық жазуының ерекшеліктері оның барлық автохтонды жазу жүйесіне тән табиғи эволюциялық жолмен жүріп өткенін, оның ішінде алдын ала жазылу күйін (қызметі шектелген кескіндік белгілерді қамтитын, қысқартулар, таңбалар), ауызша, буындық және әріптік кезеңдермен жүріп өткенін, ал VIII ғасырдың басында әліпбиге көшу процесінде болғанын растайды..... руникалық графемалар силлабария (буын) түрінде берілді, таңбаның дыбыстық мағынасы ғана емес, оның алғашқы сөздік немесе буындық белгісі де хабарланып тұр... деп қорытындылайды [Гузев, Кляшторный 2009: 146–176].

Профессор Ахмет Ержиласун былай дейді:

... Көктүрік жазуы: Ол жазуға дейінгі суреттер мен таңбаларды қоса алғанда, сөз, буын және әріп кезеңдерін, оның ішінде барлық стихиялық жазу жүйесіне тән табиғи эволюциялық жолдан өтіп, 8-ғасырдың басында әріпті жазуға айнала бастады. Дегенмен, ол

Древнетюркский рунический силлабарий

𐰀 /a/, /ä/ (слог и фонема)
𐰁 /ab/ (слог), /b/ (фонема)
𐰂 ~ 𐰃 изображение юрты, äb (слово), /äb/ (слог), /b/ (фонема)
𐰄 /ay/ (слог), /y/ (фонема)
𐰅 /äg/, /g/
𐰆 /ad/, /d/
𐰇 /äd/, /d/
𐰈 /az/, /äz/, /z/
𐰉 изображение растения или дерева (?), т (слово (?)), /t/, /t/ (слог и фонема)
𐰊 изображение луны, aj (слово), /aj/, /j/
𐰋 /äj/, /j/
𐰌 /aq/, /q/
𐰍 /äk/, /k/
𐰎 изображение веретена (?), іq (слово (?)), /iq/, /q/
𐰏 изображение стрелы, oq (слово), /oq/, /q/
𐰐 ~ 𐰑 /ök/, /ük/, /k/
𐰒 /al/, /l/
𐰓 /äl/, /l/
𐰔 /alt/, /lt/
𐰕 /am/, /äm/, /m/
𐰖 /an/, /n/
𐰗 /än/, /n/
𐰘 /an/, /än/, /n/
𐰙 символ клятвы, /ant/ (слово), /nt/
𐰚 /anč/, /änč/, /nč/
𐰛 /o/, /u/ (слог и фонема)
𐰜 /ö/, /ü/ (слог и фонема)
𐰝 /ap/, /äp/, /p/
𐰞 /ar/, /r/
𐰟 изображение человека, äg (слово), /äg/, /r/
𐰠 /as/, /äs/, /s/, /s/
𐰡 /äs/, /äs/, /s/, /s/
𐰢 /äs/, /äs/, /s/, /s/
𐰣 ~ 𐰤 изображение лошади, at, /at/, /t/
𐰥 /ät/, /t/
𐰦 /äč/, /äč/, /č/
𐰧 символ действия «пить» (?), /ič/, /č/ (?)
𐰨 /art/, /rt/ (?)



Fig. 8. Table of the ancient Turkic runic syllabary by Viktor Guzev and Sergey Klyashtorny. 2009 8-сур. Виктор Гузев, Сергей Кляшторныйдың көне түрік «руникалық» силлабарилері кестесі. 2009 жыл

Рис. 8. Таблица древнетюркского рунического силлабария Виктора Гузева и Сергея Кляшторного. 2009 год

барлық аталған эволюциялық кезеңдерді бір уақытта қамтитын күрделі құрылымға ие. Бұл сипаттамалар бұл жазудың озық жат өркениеттердің қарқынды жеделдетуші әсерінен еліктеу арқылы жасалған автохтонды жазу жүйелеріне жататынын көрсетеді [Ercilasun 2004: 175–176].

Көне түрік бітік жазуының таңба-графемалық құрылымы

Көне түрік бітік жазуын алғаш ойлап, жасап шығарғандар – көне түрік тілін және оның лингвистикалық заңдылықтарын өте терең меңгерген түрік тіл білімінің білгірлері болды. Бұл жазу таңба-графемалық және графикалық тұрғыдан толық жетілген жүйе ретінде қалыптасты. Көне түрік бітік жазуы түріктердің мәдени кеңістігінде ертеден қолданылып келген таңбалық белгілердің архаикалық үлгілеріне негізделіп жасалған.

Алайда бітік жазуындағы барлық таңба-әріптер бірдей семантикалық (мағыналық) жүктемеге ие бола қойған жоқ. Уақыт өте келе жазу жүйесін қайта жасап, жетілдіру барысында жаңа таңба-әріптер жасады. Көне түрік бітігінің бізге жетпеген ең көне нұсқасы (алфавиті деп атайық) көне дәуірдегі бітікші, жазушы хатшылар тарапынан қағазға, теріге, ағашқа немесе тасқа түсірілгендігі анық.

Көне түрік бітік жазуын құрайтын негізгі таңба немесе бастапқы таңбалар – төменде көрсетілген төрт таңба сызықтар (2-кесте). Бұл таңба-сызықтар жалпы бір үлгілік сызба өлшеміне бағынады. Сызба пропорциясы: 3x2 өлшемді шаршы ішіне салынады. Сол себептен осы пропорцияны классикалық ресми хаттамаларды және қолжазба нұсқаларында мейлінше сақтады.

Table 2. The four main tamgas or initial tamgas that make up the Old Turkic bitig-script
2-кесте. Көне түрік бітік жазуын құрайтын негізгі төрт таңба немесе бастапқы таңбалар
Таб. 2. Основные четыре тамги или начальные тамги, составляющие древнетюркское письмо битиг

			
Ұзын тік сызық	Ұзын тік сызықтың жартысы	Жарты доға сызық	Нүкте

Әрине, ұзын тік сызықтың семантикалық төркіні – «сүңгі, қылыш, найза, таяқ, шылбыр» секілді түріктердің күнделікті өмірдегі зат-бұйымдардың сызбаларын білдіруі мүмкін, ал жартылай доға тәрізді сызықтың семантикалық негізі – «жай, садақ, жарты ай» сияқты бейнелермен байланысты екендігі анық. Сонымен қатар бұл негізгі таңба-сызықтар түрік тайпаларының ру таңбалары ретінде де қызмет атқарып келгендігі анық.

Осы төрт негізгі таңба-сызықтар көне түрік таңбалар жүйесінде таңба сызықтарын айқындаушы басты сызықтар болды.

Сөйтіп, көне түрік бітік жазуын жасаушы оқымысты тұлғалар түрік қоғамының таңбалар жүйесіне етене жақын таңбалардың сызықтарын пайдаланды, аталмыш төрт негізгі таңбадан бөлек, басқа да таңба-әріптерді жасап шықты дегіміз келеді. Осы жүйе бойынша жасалынған таңба-сызықтарды біз “таңба-әріп” деп атадық.

Таңба-әріптердің сызбасындағы сызық саны (1, 2, 3, 4, 5, 6, 7) және олардың құрылымдық ұқсастықтары. Түрік тілші оқымыстылар, бітік жазудың таңба-әріптерін жасағанда алғашқы кезеңде ұзын және жарты түзу, тік сызықтарды көп қолданды. Мысалы, ұзын тік сызықты (I) негізге алған. Осы ұзын тік сызыққа жарты сызықты жоғарғы, төменгі ұштарына және ортаңғы тұстарына қиғаштыра, қатарластыра және көлденең, тігінен қосу, жалғау арқылы бірсыпыра таңба-әріптерді жасаған (3-кесте).

Сөйтіп бастапқы таңба-әріптерды жасаған соң, осы жасалғандардың құрамдас бөліктерін жетілдіру арқылы тағы да фонетикалық дыбыстарды белгілейтін жаңа таңба-әріптерді жасады. 4-кестеде таңба-әріптердің жасалу жолдары көрсетілді.

Table 3. The number of lines in the writing of tamga letters and the similarity of their formation
3-кесте. Таңба-әріптердің сызбасындағы сызық саны және олардың құрылымдық ұқсастықтары

Tab. 3. Количество линий в написании тамг-букв и сходство их образования

	Ay=y	El=l	ap=ep =p	i=i	б=ў	ke=ge= ek=egk =g	eη=iη =η	es=is =s	a=e	ke=ge =k=egk =g	oq=uq =q	ač=eč =č	al=il =l	o=u
	Жоғарғы ұшында екі қиғаш жарты сызық қатарласуы	Жоғарғы ұшында екі қиғаш жарты сызық аша іспетті сызылуы	Сол жақ жоғарғы ұшында бір жарты сызық төмеңге қарай қиғаш	Оң жақ жоғарғы ұшында бір жарты сызық төмеңге қарай қиғаш	Оң жақ жоғарғы ұшында бір жарты сызық және ұзын тік сызыққа қатарласқан тік жарты сызық	Сол жақ жоғарғы ұшында және одан төмен қиғаш келген екі жарты сызық	Сол жақ орта тұсында қиғаш келген бір жарты сызық	Ұзын тік сызық	Оң жақ ұшы және сол жақ төмеңгі аяғында екі қиғаш жарты сызық	Оң жақ жоғарғы ұшында және одан төмен қиғаш келген екі жарты сызық	Төмеңгі ұшында екі қиғаш жарты сызық қосылуы	Төмеңгі ұшында екі қиғаш жарты сызық	Сол жақ төмеңгі тұсында қиғаш бір жарты сызық	Екі тік ұзын сызық қиғаш қосылуы
Сызық саны														

Table 4. Methods of forming tamga letters
4-кесте. Таңба-әріптердің жасалу жолдары

Tab. 4. Способы образования тамг-букв

Жоғарғы ұшында екі қиғаш жарты сызық қатарласуы және көлденең немесе тік жарты сызық қосу					
			El=l	Aš=eš=š	Aš=eš=š
Жоғарғы ұшында екі қиғаш жарты сызыққа төмеңге қарай екі жарты сызық қосу					
	El=l	Er=r			
				Alt=elt	

Table 4. Methods of forming tamga letters
4-кесте. Таңба-әріптердің жасалу жолдары
Таб. 4. Способы образования тамг-букв

Сол жақ орта тұсында қиғаш келген бір жарты сызық оның шетінен жоғары қарай жарты сызық					
		Ar=r			
Сол жақ орта тұсында қиғаш келген бір жарты сызық оның шетінен жоғарғы қарай сызық					
		En=n			
Сол жақ орта тұсында қиғаш келген бір жарты сызық және төмеңге қарай сызық					
	Aq=qa=q				
Сол және оң жақ орта тұсында екі жарты сызық және жоғары, төмеңге қарай түзу жарты сызық					
	Az=za=ez=ze=z				
Оң жақ орта тұсында қиғаш келген бір жарты сызық оның шетінен төмеңге қарай сызық					
	Et=te=t				
Оң жақ жоғарғы және төмеңгі тұсында қиғаш келген екі жарты сызық оның шетінен төмеңге қарай екі сызық					
	Ek=ke=k				
Екі ұзын тік сызықтың қиғаш келуі. Айқыш, ашамай түрі					
		Ed=de=d			

Table 4. Methods of forming tamga letters
4-кесте. Таңба-әріптердің жасалу жолдары
Таб. 4. Способы образования тамг-букв

Доға сызық					
				An=na=n	
Үш нүкте мен дөңгелек қосындысы. Ілкі тұлғасы					
		Ant=nt			
Екі қиғаш, екі ұзын тік сызықтың қиғаш келуі					
		im=im=m	eb		
Екі жарты (үшбұрыш) сызық және бір жарты сызық					
			iq=qī	īq=qī	
		Baş=beš	Ök=ük		
Екі жарты (үшбұрыш) сызық					
Екі жарты (үшбұрыш) сызық екі қайта қосындыс					
	At=ta=t	Ad=da=d			
Екі жарты (үшбұрыш) сызық					
			Anč=enč		
Екі жарты (үшбұрыш) сызық төрт қайта қосындысы					
		Ad=da=d			

Table 4. Methods of forming tamga letters
4-кесте. Таңба-әріптердің жасалу жолдары
Таб. 4. Способы образования тамг-букв














Үш бұрыш пен бес жарты сызықтың қосындысы					
		At=ta=t			
Төрт жарты сызық және нүкте қосындысы					
		Ant=nt			
Төрт жарты сызық қосындысы					
	ĩnt=int				
Алты жарты сызық қосындысы					
	Eb=be=b				
Сөз, қосымша ажыратушы белгі					
		Екі нүкте	Үш нүкте	A-e	
Доға сызық жоғарғы ұшы мен орта тұсында қиғаш келген екі жарты сызық, қолжазба үлгіде жазылуы					
		Eg=g			

Table 4. Methods of forming tamga letters
4-кесте. Таңба-әріптердің жасалу жолдары
Таб. 4. Способы образования тамг-букв

Доға сызық					
	An=na=n		Ay=ya=y		
			Nj		
Бір доға сызықтың ұзаруы					
	Ab=ba=b				
Екі доға сызықты айқасуы					
	Je=ej=j				
Екі доға сызықты қосылуы, қолжазба үлгіде жазылуы					
	As=sa=s				
Жоғарғы ұшында екі доға сызық қатарласуы және тік ұзын сызық, қолжазба үлгіде жазылуы					
		Ay=y			
Екі доға сызық (дөңгелек) және үш жарты сызық қосындысы, қолжазба үлгіде жазылуы					
		At=ta=t			
Таңба-әріптің қолжазба үлгіде жазылуы					
		O=u	im=im=m		
Екі доғадан дөңгелек сызық					
	im=im=m				

Table 4. Methods of forming tamga letters
4-кесте. Таңба-әріптердің жасалу жолдары
Таб. 4. Способы образования тамг-букв

Үш дөңгедек сызық					
	im=im=m				

Көне түркі бітік жазуының таңба мен дыбыстық құрылымының жіктелуі. Жуан және жіңішке дыбыстар. Ерін дыбыстар. Қатаң және ұяң дыбыстар

Біздің зерттеуіміз бойынша, түрік бітік жазуы – лингвистикалық жазу жүйесі ретінде фоно-морфемдік әліпби болып табылады (5–6-кестелер). Түрік бітік жазуы – көне түрік тілінің фонетикалық, фонологиялық және морфемдік тізбектерінің ықшамдап жинақтаған жүйелі жазу. Бұл жазу түрік тілінің барлық деңгейін тұтас қамтып, тілдегі дыбыстық, фонологиялық, морфемдік, лексикалық және синтаксистік деңгейлерді толық айқындап таңбалай білді [Базылхан 2003: 31–35].

Table 5. Table of the phonological system of tamga-letters of the Old Turkic bitig-script (separate and syllabic composition of vowels and consonants) [Bazylkhan 2001]
5-кесте. Көне түрік бітік жазуының таңба-әріптерінің фонологиялық жүйесінің кестесі (дауысты және дауыссыз дыбыстардың дара және буынды құрамы) [Базылхан 2001]
Таб. 5. Таблица фонологической системы тамг-букв древнетюркского письма битиг (отдельный и слоговой состав гласных и согласных) [Базылхан 2001]

	Жуан						Жіңішке			
					Еріндік				Еріндік	
1.	a		ī		o//u		e//i		ö//ü	
2.	B, ba	ab	bī	īb	bo/bu	ob/ub	B, be/bi	eb/ib	bö/bü	öb/üb
3.	Q, qa	aq	qī	īq	qo/qu	oq/uq	K, ke/ki	ek/ik	kö/kü	ök/ük
4.	γ, γa	aγ	γī	īγ	γo/γu	oγ/uγ	G, ge/gi	eg/ig	gö/gü	ög/üg
5.	T, ta	at	tī	īt	to/tu	ot/ut	T, te/ti	et/it	tö/tü	öt/üt
6.	D, da	ad	dī	īd	do/du	od/ud	D, de/di	ed/id	dö/dü	öd/üd
7.	S, sa	as	sī	īs	so/su	os/su	S, se/si	es/is	sö/sü	ös/üs
8.	Š, ša	aš	šī	īš	šo/šu	oš/uš	še/ši	eš/iš	šö/šü	öš/üş
9.	Č, ča	ač	čī	īč	čo/ču	oč/uč	če/či	eč/ič	čö/čü	öč/uč
10.	Y, ya	ay	yī	īy	yo/yu	oy/uy	J, je/ji	ej/ij	jö/jü	öj/üj
11.	N, na	an	nī	īn	no/nu	on/un	N, ne/ni	en/in	nö/nü	ön/ün
12.	η	aη	ηī	īη	ηo/ηu	oη/uη	ηe/ηi	ηe/ηi	ηö/ηü	öη/üη
13.	L, la	al	lī	īl	lo/lu	ol/ul	L, le/li	el/il	lö/lü	öl/ül
14.	R, ra	ar	rī	īr	ro/ru	or/ur	R, re/ri	er/ir	rö/rü	ör/ür
15.	P, pa	ap	pī	īp	po/pu	op/up	pe/pi	ep/ip	pö/pü	öp/üp
16.	M, ma	m	mī	īm	mo/mu	om/um	me/mi	em/im	mö/mü	öm/üm
17.	Z, za	az	zī	īz	zo/zu	oz/uz	ze/zi	ez/iz	zö/zü	öz/üz
18.	aLT		altī					elt		
19.	aNTa									
20.	aNČa		inčī					enč		
21.	Bš	baš					beš (?)	biš (?)		

Table 6. Table of tamga-letters of the Old Turkic bitig-script. Phonomorphemic structure of tamga-letters (separate and syllabic pronunciation of vowels and consonants, Latin transcription) [Bazytkhan 2001]
 6-кесте. Түрік бітік жазуының таңба-әріптерінің кестесі. Таңба-әріптердің фоно-морфемдік құрылымы (дауысты және дауыссыз дыбыстардың дара, буынды оқылымы, латынша транскрипциясы) [Базылхан 2001]
 Таб. 6. Таблица тамг-букв древнетюркского письма битиг. Фономорфемная структура тамг-букв (отдельное и слоговое произношение гласных и согласных звуков, латинская транскрипция) [Базылхан 2001]

	𐰇		𐰈		𐰉			𐰊		𐰋	
	a		i		o//u			e//i		ö//ü	
𐰇	b, ba	ab	bī	īb	bo/bu	ob/ub	𐰇	b, be/bi	eb/ib	bö/bü	öb/üb
𐰋	q, qa	aq	qī	īq	𐰋	𐰌	𐰍	k, ke/ki	𐰎	kö/kü	𐰏
					qo/qu	oq/uq		ek/ik		ök/ük	
𐰑	γ, γa	aγ	γī	īγ	γo/γu	oγ/uγ	𐰒	g, ge/gi	eg/ig	gö/gü	ög/üg
𐰓	t, ta	at	tī	īt	to/tu	ot/ut	𐰔	t, te/ti	et/it	tö/tü	öt/üt
𐰕	d, da	ad	dī	īd	do/du	od/ud	𐰖	d, de/di	ed/id	dö/dü	öd/üd
𐰗	s, sa	as	sī	īs	so/su	os/su	𐰘	s, se/si	es/is	sö/sü	ös/üs
𐰙	γ, γa	aγ	γī	īγ	γo/γu	oγ/uγ					
𐰛	n, na	an	nī	īn	no/nu	on/un	𐰜	n, ne/ni	en/in	nö/nü	ön/ün
𐰝	l, la	al	lī	īl	lo/lu	ol/ul	𐰞	l, le/li	el/il	lö/lü	öl/ül
𐰟	r, ra	ar	rī	īr	ro/ru	or/ur	𐰠	r, re/ri	er/ir	rö/rü	ör/ür
𐰡	ŋ	aŋ	ŋī	īŋ	ŋo/ŋu	oŋ/uŋ		ŋe/ŋi	eŋ/iŋ	ŋö/ŋü	öŋ/üŋ
𐰣			ŋī					ŋi			
𐰥	p, pa	ap	pī	īp	po/pu	op/up		pe/pi	ep/ip	pö/pü	öp/üp
𐰨	m, ma	m	mī	īm	mo/mu	om/um		me/mi	em/im	mö/mü	öm/üm
𐰪	z, za	až	zī	īz	zo/zu	oz/uz		ze/zi	ez/iz	zö/zü	öz/üz
𐰬	š, ša	aš	šī	īš	šo/šu	oš/uš		še/ši	eš/iš	šö/šü	öš/üş
								𐰭			
𐰮	č, ča	ač	čī	īč	čo/ču	oč/uč		če/či	eč/ič	čö/čü	öč/üč
𐰰	aLT		altī								
𐰲	aNTa										
𐰴	aNČa		-inčī						-inč		
𐰶	Bš	baš						beš (?)	biš(?)		

Түрік бітік жазуының таңба-әріптерін жасағанда, ең әуелі дыбыстық-әліпбилік мақсатта бейімдеп жасалды, дыбысты таңбалауы жазба жүйесінде нақты бір тәртіппен белгіленген. Түркі бітік жазуының таңба-әріптік белгілерін ататүрік (прототүрік) және көне түрік тілінің заңдылықтарына сәйкес, негізгі қағидаттарын сақтай отырып қалыптастырды. Басқаша айтқанда, көне түрік жазба тілінің лингвистикалық бай табиғатын барынша таңбалады деген сөз.

Көне түрік бітік жазуының фоно-морфологиялық құрылымы

Көне түрік бітік жазуының тілдік жүйесінде **VC-, CV-, CVC-, CVCC-** тұлғалы түбір морфемалар мен қосымша морфемалардың тізбектері фоно-морфемдік тұрғыда **Vc, Cv, CvC, CvCC** (және **+vC, +CV, +CvC** тәрізді қосымша морфемалар) үлгісінде ықшамдалған түрде ұсынылған. Осы себептен, түбір немесе сөздің қосымшалары көбіне жалаң дауыссыз дыбыс (C) (таңба-әріп) ретінде ғана таңбаланып берілді. Нақтысында, бұл заңдылық – **фонема мен морфема деңгейінде айқындалатын фоно-морфемдік құрылым** дегенді білдіреді. Осыған байланысты оқу мен сөйлеу үшін бұл бітік жазу жүйесі – әрі тануға, әрі жазуға және таңбалауға ең қолайлы ықшамдалған дыбыстық-буындық ерекшеліктерді қатар таңбалай алған ерекше «әліп-би» деп айтуға әбден болады.

Көне түрік бітік жазуындағы түбір құрамы

(кіші «v», «c» – таңбаламаған дыбыстар):
vC-: **öd** (заман, уақыт, өту-),
vC -: **er-** (е-, еді),
vCV-: **ata** (ата, үлкендер),
VCCV-: **anta** (анда, онда, о жақта),
CV-: **bu** (бү), **sü** (орда әскер, жауынгерлер),
CVC-: **bol-** (бол-),
CVCC-: **qırq** (қырық); **tört** (төрт) және басқа.

Көне түрік бітік жазуындағы қосымша құрамы

+V: **+ e** (+а, +е, +да, +де т.б.),
+C: **+ m** (+м т.б.),
+VC: **+ ik** (+ік т.б.),
+CV: **+ ke** (+ке, +ге т.б.)
+CVC: **+ muş** (-ған, +ген, -мыс т.б.)
+ CVCV: **+ ғарu** (қарай т.б.)
+CCV: **+ nča** (+нша, +нше т.б.)
+VCC: **+ inč** (+нш, т.б.) және т.б.

Көне түрік бітік жазуындағы түбір және қосымша морфемалардың жалғамалы құрамы

VC + V öz+e (үсті+нде, жоғары+да), **uč+a** (ұш+а-),
VC +CV öd+ke (заман+да, өт-ерінде),
VCv +C ini+m (іні+м),
VC + CvCV il+geru (іл+гері),
VC + vC is+ig (іс+ін),
vC + CV er+ti (е+ді, е+кен),
vCV + C eču+m (үлкен+ім, ата+м),
vC + vC er+ig (ер+ді, батыр+ды),
vC + vCc er+inč (еді, екен еді),
vC + CvC al+mış // al+muş (ал+ған),

CV + CV *kü+sü* (атағы, даңқы),
 CV + CcV *bu+nča* (мұнша, осынша),
 CV + CV+CVC *sü+le +dim* (соғысты, сүңгілес+тім)
 CVC + CvC *bol+muš* (болған), *beg+ler* (бектер),
 CVC + vC *bit+ig* (бітік, жазу),
 CVC + C+Cv+CvC *süñ+üş+dü+müz* (соғыстық),
 CvC + V *sab+i* (сап сөз+i, сөз саптауы),
 CvC + CV *kel+ti* (келді) т.б.

Көне түрік "bitig">(бітік) жазуының аталуы

Көне түрік тілінде бұл жазу 𐰉𐰺𐰽 > *bitig* > бітік, жазу тұлғасында кездеседі. Мағынасы – «жазу», «мәтін», «сызба», «жазба», «хат» дегенді білдіреді. Көне түрік тіліндегі 𐰉𐰺𐰽𐰺𐰽 > *biti+dim* – «жаздым», 𐰉𐰺𐰽𐰺𐰽𐰺𐰽 > *biti+g+me* – «жазғаным», «жазушы» деген сөздерден туындайды. Бұл термин қазіргі түрік тілдерінде түрлі формада сақталған: *bitik*, *bijik*, *piçik*, *pitiçik*, *butuk*, *bidik* және т.б.

Аталмыш *bit-* > «жаз-, жазу-» етістігі мен *bitig* > «жазу, жазба», «мәтін» зат есімі XIV–XV ғасырларға дейін түрік халықтары арасында кеңінен қолданылып келген. Мысалы, Тоқтамыс ханның 1393 жылғы жарлығында *bitidimiz* > «жаздық» түрінде кездеседі. Сондай-ақ «Codex Cumanicus» мәтінінде *biti-* > «жаз-», *biti bitidim* > «жазу жаздым», *beş ayaçya bitidim* > «бес ағашқа жаздым», *bitik* > «жазба», «кітап», «мәтін», «дәптер», *bitikçi* > «жазушы», «бітікші» «кітапханашы» ұғымдарында қолданылады.

Алайда көне түрік дәуірінің жазба ескерткіштеріне, көне түрік бітік жазуға қатысты «руна жазуы»¹ «руникалық жазу», «тас жазу», «ойма жазу», «түркі рунологиясы», «түркі эпиграфикасы», «Орхон-Енисей жазбалары», «талас жазулары» секілді кейбір жаңсақ терминдер мен жалған, жасанды атаулар аталып та келеді. Мұның барлығы әлемде теңдесі жоқ, қайталанбайтын асыл мұраны, көне түріктердің төл жазуын «руна» деп иесіздендірген, және өзен судың атауымен атап «жалпақтандырған» атаулар ғана демекпіз.

Көне түрік бітіктану саласы – бұл жазу жүйесінің пайда болуы мен дамуының кезеңдерін, қолданылу аясын, таралу аумағын, тілдік және грамматикалық құрылымын, сондай-ақ палеографиялық, археографиялық, эпиграфиялық, археологиялық, лингвистикалық, тарихи және этнографиялық аспектілерді қамтитын пәнаралық ғылыми сала.

Түрік империясы дәуірінде түрік бітік жазу арқылы қаған жарлықтары мен үкімдері жазылып жарияланды, бұйрық берілді, мемлекеттік іс-қағаздары рәсімделді, хатталды, дипломатиялық елшілер жіберіліп, жазбаша хат алмасып тұрды. Сонымен қоса, басқа да маңызды мемлекеттік істер көне түрік бітік жазуында дүниенің төрт тарапына жөнелтіліп жүзеге асырылды. Қағанның мемлекеттіліктің символы алтын мөрінің сақтаушысы *tamyaçi* > «мөрші», *altun tamyan tarqan* > «алтын мөр тарханы» деп аталды. Ал жазбаша құжаттарды рәсімдеуші хатшы *bitigçi* > «бітікші, жазушы, хатшы» деп аталған. Қаған бұйрығымен империяның тарихы қағаз бетіне көне түрік бітік жазуымен түсіріліп, кейінгі ұрпаққа өнеге, үлгі өсиет болсын деген айқын мақсатпен мәңгілік ескерткішке – *bitigtaş* > «бітіктас, жазулы тас», *benğutaş* > «мәңгілік тас» – түрінде қашалып аманат етіп қалдырылған еді.

Көне түрік "bitig"> (бітік) жазуының жасалуы тарихы

Түрік империясы әскери-саяси аумағын одан ары ұлғайтып, шығысы қазіргі Корей түбегіне дейін аймақтарды иеленді, қытан, күмоси, шивэй елдерін бағындырды, батысты эффа-

¹ *runic, runa* («құпия») – атауын Сібірге саятхашылаған Филипп Иоганн Страленберг, Даниэль Готлиб Мессершмидт 1721 жылдары Енисей өзені бойынан анықтаған көне түрік бітік жазулы ескерткіштерді алғаш рет солтүстік германиялық, скандинавиялық «руна» жазуына ұқсас деп осылай «руна» деп атап кеткен еді.

литтерді жеңіп, Қара теңіз, Ақ теңіз, Хазар (Каспий) теңізіне жетіп, солтүстігі Байкөл, Сібір орманы, оңтүстігі Шантұн жазығы аққамалға ұласып, ұлаңғайыр жерлерді иеленіп, ежелгі «жылқыға-жібек» сауда-саттық жолдары бойында Еуразиялық алып мемлекетке айнала бастаған сәтте өздерінің тілінде төлтума жазуын жасау мемлекеттілік қажеттілігі туындады.

Өйткені, көптеген түрік тектес ру-тайпалары мен этносаюсы одақтарды мемлекеттік бір билікке тұтастыру, тілдік қарым-қатынастарды біріктіру, жақындастыру, халықаралық дипломатиялық қарым-қатынастарда елшілік қызметтерді алмастыруда аса өзекті әрі империялық қуаттылықтың этносимволына қажетті болды (7-кесте).

Сөйтіп, Түрік империясы күшті де құдыретті алып мемлекетке айналған VII ғасырдың орта тұсында қағандардың ордалық аумағы Орхон өзені бойында түрік бітік жасалынды, солай жасалып қолданғандығы анық. Сондықтан да, көне түріктер өздері жасаған төлтума (автохтондық) жазуын **𐰉𐰺𐰽 : 𐰇𐰏𐰢** > *Törük bitig* > Түрік бітік деп атаған.

Table 7. Regional features of the tamga letters of the Old Turkic bitig-script
7-кесте. Көне түрік бітік жазуының таңба-әріптерінің аймақтық ерекшеліктері
Таб. 7. Региональные особенности тамг-букв древнетюркского письма битиг

Таңба-әріптердің дыбысталуы	Орхон классикалық үлгісі	Енисей	Талас	Турпан	Алтай
a/e	𐰇	𐰇	𐰇	𐰇	
i/i	𐰉	𐰉	𐰉	𐰉	𐰉
ü	𐰊	𐰊	𐰊	𐰊	𐰊
u	𐰋	𐰋	𐰋	𐰋	𐰋
:	𐰌	𐰌	𐰌	𐰌	𐰌
b/a	𐰍	𐰍	𐰍	𐰍	
b/e	𐰎	𐰎	𐰎	𐰎	𐰎
q	𐰏	𐰏	𐰏	𐰏	
oq/qo//uq/qu	𐰐			𐰐	
γ	𐰑	𐰑	𐰑	𐰑	𐰑
k	𐰒	𐰒		𐰒	𐰒
g	𐰓	𐰓	𐰓	𐰓	𐰓
kü/ük//ög//gö	𐰔			𐰔	
t/a/	𐰕	𐰕	𐰕	𐰕	𐰕
t/e/	𐰖	𐰖		𐰖	𐰖
d/a/	𐰗	𐰗	𐰗	𐰗	𐰗
d/e/	𐰘	𐰘	𐰘	𐰘	𐰘

Table 7. Regional features of the tamga letters of the Old Turkic bitig-script
7-кесте. Көне түрік бітік жазуының таңба-әріптерінің аймақтық ерекшеліктері
Таб. 7. Региональные особенности тамг-букв древнетюркского письма битиг

s/a/					
s/e/					
š					
č					
y					
j					
/a/n					
n/e/					
ŋ					
nč					
l/a/					
l/e/					
r/a/					
/e/r					
p					
m					
z					
č					
lt					
ŋi					
nt					
baš					

Библиография

Аристов Н.А. Заметки об этническом составе тюркских племен и народностей и сведения об их численности // Живая старина. Выпуск III и IV (Отдельный оттиск). Санкт-Петербург: Типография С.Н. Худекова, 1896.

- Базылхан Н. Древнетюркский битик, фономорфемная структура письменности и проблемы интерпретации текстов // Письменное наследие тюрков. Международный симпозиум, посвященный 110-летию дешифровки орхоно-енисейской письменности и 100-летию выхода в свет труда Н.Ф. Катановой «Опыт изучения урянхайского языка» 14–17 октября 2003 г. Тезисы докладов. Кызыл, 2003. С. 31–35.
- Гузев В.Г. К вопросу о слоговом характере тюркского рунического письма // Вопросы языкознания. 1994. № 5. С. 67–72.
- Гузев В.Г., Кляшторный С.Г. Древняя письменность Великой степи // Тюркологический сборник. 2007–2008. Москва: Восточная литература, 2009. С. 146–176.
- Кызласов И.Л. Рунические письма Евразийских степей. Москва: Восточная литература, 1994.
- Еженханұлы Б., Ошан Ж. (ред.). Қазақстан тарихы туралы қытай деректемелері. IV том. Әулеттік тарихи жылнамалар. 2-бөлім. Алматы: Дайк-Пресс, 2006.
- Маллицкий Н. О связи тюркских тамг с орхонскими письмами // Протоколы Туркестанского кружка любителей археологии. Ташкент, 1897–1898. С. 43–47.
- Махмутов А. Как возник древнетюркская алфавит // Исследования по тюркологии. Алма-Ата, 1969.
- Поливанов Е.Д. Идеографический мотив в формации орхонского алфавита // Бюллетень Среднеазиатского университета. 1925. № 9. С. 178–181.
- Савенков И.Т. О древних памятниках изобразительного искусства на Енисее: сравнительные археолого-этнографические очерки // Труды 14-го археологического съезда в Чернигове 1908 г. Том. 1. Москва, 1910.
- Соколов Д.Н. О башкирских тамгах // Труды Оренбургской ученой архивной комиссии. Выпуск XIII. Оренбург: Типо-литография П.А. Порхунова. 1904.
- Caferoğlu Ah. Türk Dili Tarihi. Istanbul: Enderun bookstore, 1984.
- Emre Ah. Cevat Eski Türk yazısının menşeyi. Istanbul: Devlet basınevi. 1938.
- Ercilasun A.B. Başlangıçtan yirminci yüzyıl Türk Dili Tarihi. Ankara: Akçağ, 2004.
- Orkun H.N. Eski Türk yazıtları. Ankara: Türk Tarih Kurumu Matbaası, 1986.
- Thomsen V. Déchiffrement des inscriptions de L'Orkhon et de L'Iénisséi. Notice préliminaire par Vilh. Thomsen. Extraits du Bulletin de l'Académie Royale des Sciences et des Lettres de Danemark Copenhagen. 1893. 1894.

Reference

- Aristov, N. 1896. Zametki ob ehtnicheskom sostav tyurkskikh plemen i narodnostej i svedeniya ob ikh chislennosti [Notes on the ethnic composition of Turkic tribes and nationalities and information on their numbers]. In: *Zhivaya starina*, III–IV. St. Petersburg (in Russian).
- Bazylkhan, N. 2003. Drevnetyurkskaii bitik, fono-morfemnaya struktura pis'mennosti i problemy interpretatsii tekstov [Ancient Turkic bitik, phono-morphemic structure of writing and problems of text interpretation]. In: *Pis'mennoe nasledie tjurkov* [Written Heritage of the Turks]. Kyzyl, 31–35 (in Russian).
- Caferoğlu, Ah. 1984. *Türk Dili Tarihi* [History of Turkish Language]. Istanbul. Enderun bookstore (in Turkish).
- Emre, Ah. 1938. *Eski Türk yazısının menşeyi* [The origin of the Old Turkish script]. Istanbul. Devlet basınevi (in Turkish).
- Ercilasun, A. 2004. *Başlangıçtan yirminci yüzyıl Türk Dili Tarihi* [History of Turkish Language from the beginning to the twentieth century]. Ankara: Akçağ (in Turkish).
- Ezhenkhanuly, B., Oshan, Zh. (eds.). 2006. *Qazaqstan tarikhy turaly qytaj derektemeleri. Äulettik tarikhi zhylnamalar* [Chinese sources on the history of Qazaqstan. Dynasty historical chronicles]. Vol. IV. Part 2. Almaty: Dajk-Press (in Qazaq).

- Guzev, V. 1994. K voprosu o slogovom kharakter tyurkskogo runicheskogo pis'ma [On the question of the syllabic nature of the Turkic runic writing]. In: *Voprosy yazykoznaviya* [Questions of linguistics], 5, 67–72 (in Russian).
- Guzev, V., Klyashtornyj, S. 2009. Drevnyaya pis'mennost' Velikoj stepi [Ancient writing of the Great Steppe]. In: *Tyurkologicheskij sbornik* [Turkological collection]. 2007–2008. Moscow: Vostochnaya literature, 146–176 (in Russian).
- Kyzlasov, I. 1994. *Runicheskie pis'mennosti Evrazijskikh stepej* [Runic writings of the Eurasian steppes]. Moscow: Vostochnaya literature (in Russian).
- Makhmutov, A. 1969. Kak voznik drevnetyurkskaya alfavit [How the ancient Turkic alphabet arose]. In: *Issledovaniya po tyurkologii* [Research in Turkology]. Alma-Ata (in Russian).
- Mallitskij, N. 1897. O svyazi tyurkskikh tamg s orkhonskimi pis'mami [On the connection between Turkic tamgas and Orkhon letters]. In: *Protokoly Turkestanskogo kruzhka lyubitelej arkhologii* [Protocols of the Turkestan circle of archeology lovers]. Tashkent, 43–47 (in Russian).
- Orkun, H. 1986. *Eski turk yazitlari* [Old Turkish inscriptions]. Ankara (in Turkish).
- Polivanov, E. 1925. Ideograficheskij motiv v formatsii orkhonskogo alfavita [Ideographic motif in the formations of the Orkhon alphabet]. In: *Byulletenya Sredneaziatskogo Universiteta* [Bulletin of the Central Asian State University]. Tashkent, 9, 178–181 (in Russian).
- Savenkov, I. 1910. O drevnikh pamyatnikakh izobrazitel'nogo iskusstva na Eniseya: sravnitel'nye arkhologo-ethnograficheskie ocherki [On ancient monuments of fine art on the Yenisei: comparative archaeological and ethnographic essays]. In: *Trudy 14-go arkhologicheskogo s'ezda v Chernigove 1908 g.* [Proceedings of the 14th Archaeological Congress in Chernigov 1908]. Vol. 1. Moscow (in Russian).
- Sokolov, D. 1904. O bashkirskikh tamgakh [About Bashkir tamgas]. In: *Trudy Orenburgskoj uchenoj arkhivnoj komissii* [Proceedings of the Orenburg Scientific Archival Commission]. Orenburg: Typo-lithography P.A. Porkhunova, 13 (in Russian).
- Thomsen, V. 1894. Déchiffrement des inscriptions de L'Orkhon et de L'énisséi . Notice préliminaire par Vilh. Thomsen. In : *Extraits du Bulletin de l'Académie Royale des Sciences et des Lettres de Danemark 1893*. Copenhagen, 285–299 (in German).

Disclosure of conflict of interest information. The author claims no conflict of interest / Мүдделер қақтығысы туралы ақпаратты ашу. Автор мүдделер қақтығысының жоқтығын мәлімдейді / Раскрытие информации о конфликте интересов. Автор заявляет об отсутствии конфликта интересов

Information about the article / Мақала туралы ақпарат / Информация о статье

Entered the editorial office / Редакцияға түсті / Поступила в редакцию: 07.05.2025

Approved by reviewers / Рецензенттер мақұлдаған / Одобрено рецензентами: 02.06.2025

Accepted for publication / Жариялауға қабылданды / Принята к публикации: 26.08.2025

